

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі  
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Заң факультеті  
Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

**Б.З.Байсарин**  
**КРИМИНАЛИСТИКА**

оқу-әдістемелік құралы

Қостанай. 2018

УДК 343.98  
ББК 67.52 (5қаз)

**Автор:**

Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы, қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

**Рецензенттер:**

Тұрлыбеков Б.С. – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, заң факультетінің деканы

Хакимова Г.Е. - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, азаматтық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі

Урумбаев И.З. - Қостанай облысының ПД жедел-криминалистикалық басқармасының бастығы

Байсарин Б.З.

Б 20 Криминалистика: Оқу-әдістемелік құрал - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2018. - 80 бет.

ISBN 978-601-7985-23-3

Криминалистика пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексіне және басқа да заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып әзірленді.

Бұл оқу-әдістемелік құралын тек қана жоғары оқу орындарының білім алушылары ғана емес, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін қолданылуы мүмкін.

5В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша білім алушыларға арналған.

ББК 67.52 (5 қаз)  
Б 20

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген, хаттама № 4 «20» 06.2018ж.

ISBN 978-601-7985-23-3

© А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік университеті  
© Б.З.Байсарин, 2018

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| <i>Кіріспе</i> .....  | 4  |
| <i>1 тарау.</i> Техникалық құралдарды қолдануды рәсімдеу туралы .....   | 7  |
| <i>2 тарау.</i> Криминалистикалық техника.....  | 27 |
| <i>3 тарау.</i> Криминалистикалық идентификация теориясы және диагностика,<br>олардың қолданбалы мағынасы.....                    | 33 |
| <i>4 тарау.</i> Криминалистикалық фотография және бейнетаспаға жазу.....  | 36 |
| <i>5 тарау.</i> Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология).....   | 48 |
| <i>6 тарау.</i> Қару, оқ -дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және<br>олардан қалған іздерді криминалистикалық зертеу..... | 58 |
| <i>7 тарау.</i> Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу.....  | 65 |
| <i>8 тарау.</i> Криминалистикалық есепке алулар.....  | 73 |
| <i>9 тарау.</i> Адам сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім.....  | 77 |
| Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....   | 79 |

## К І Р І С П Е

Криминалистика (латын тілінде *criminalis* – қылмыстық, қылмыспен байланысты) – қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалуын, жасалуын және қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды, оның іздерінің пайда болуы мен болуының, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және қолдану заңдылықтарын зерттейтін қолданбалы заң ғылымы, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және тергеу үшін алдын-ала тергеу барысында, сонымен қатар қылмыстық істерді сотта қарау барысында пайдаланылатын арнайы тәсілдер, әдістер мен құралдарды қолданудың заңдылықтарын білуге негізделген дамыту жүйесі.

Криминалистиканың мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылықты ашу мен тергеуді толық және уақытында техника-криминалистикалық қамтамасыз ету және қолдану.

Бұл мақсат заманауи ғылым мен техниканың жетістіктерін жан-жақты қолдану негізінде жүзеге асырылады.

Криминалистика анықтау органдарының, алдын ала тергеудің, соттың қызметін қамтамасыз етеді және криминалистикалық сараптаманы қылмыстық жолмен күресудің ғылыми ойластырылған құралдарымен, тәсілдерімен және әдістерімен қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты криминалистика пәнін білім алушыларға оқытатын оқытушылардың басты міндеті – криминалистикалық ойлауды және жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін құқық қорғау органдарындағы құқық мамандығы бойынша жұмыс атқарғанда тиісті заңдар мен нормативтік актілердің ережелерін жүзеге асыру барысында алынған білімдері, дағдылары мен қабілеттеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.

Заң факультетін бітірушілер тәжірибеде маңызды міндеттерді табысты шеше алады, егер құқық пен процесс аясындағы терең білімдерін тәжірибеде криминалистикалық білімдерімен байланыстыра алса.

Бұл оқу - әдістемелік құралына техникалық құралдарды қолдануды рәсімдеу туралы ұсыныс және криминалистиканың 7 тарауы бойынша есеп жаттығулар жинағы енгізілген.

Білім алушылар оқу материалдарының көбін өздері оқып дайындалады.

Егер білім алушы оқулықты оқу барысында өзінің кейбір тақырыптарды қаншалықты ұғынғанын бақылап отыруға мүмкіндігі болса оқу тиімді болады.

Осы мақсатқа жету үшін осы оқу-әдістемелік құралын ұсынып отырмыз.

Оқулықтың тарауын оқығаннан кейін білім алушыға, осы оқу-әдістемелік құралдағы сәйкес келетін тарауға қарау ұсынылады.

Әдістемеде техникалық құралдарды қолдануды рәсімдеу туралы ұсыныстан басқа есептер берілген, әрқайсысы сұрақ және үш жауаптан тұрады, олардың екеуі дұрыс емес немесе толық емес, тек қана біреуінде дұрыс және толық жауап берілген.

Жауаптары «1», «2», «3» цифрларымен нөмірленген, дұрыс жауап бірінші, екінші не болмаса үшінші болып тұруы мүмкін.

Білім алушы өзін-өзі тексеру үшін әрбір тараудан кейін орналасқан «ЖАУАПТАР», деген бөлімді қарауына болады.

Бұл бөлімде сұрақ нөмірінен кейін дұрыс жауаптың нөмірі тұрады.

Криминалистика ғылымы басқа да өзі тектес ғылымдармен тығыз байланысты, өйткені көп тәсілдер мен әдістер, жаратылыс тану, техникалық әлеуметтік ғылымдардың қағидаларына негізделеді. Деректі материалдардың әр-түрлілігі оның сапалы құрамдарындағы айырмашылық, әртүрлі сұрақтар қоюға байланысты.

Құралда сұрақтар мен жауаптардың келесі варианттары қолданылған.

**Сұраққа қысқаша жауап.** Бұл орайда үш жауап беріледі, солардың арасындағының біреуі дұрыс.

*Мысалы. Қандай сәулелердің өтімділік қасиеті көбірек бар екенін көрсетіңіз:*

- 1) ультракүлгін,
- 2) инфрақызыл,
- 3) рентген.

**Сұраққа толық жауап.** Жауабы бөлінеді дұрыс емес жауаптың қосылуы немесе қосылмауымен. Сұрақ былай қойылады: табыңыз, нақтылы түсінікке не қосылады (қосылмайды).

*Мысалы. Темір қайшымен құлыптың имегін тістеп бұзғанда, имектегі із бойынша білуге болады:*

- 1) құралдың түрін;
- 2) құралдың түрін және тістеудің бағытын,
- 3) құралдың түрін, тістеудің бағытын және қаруды идентификациялауға.

*Мысалы, дұрыс емес жауапты қосумен.*

Папиллярлар деп аталады:

- 1) алақан терісінің сызықтық көтеріңкілігі;
- 2) алақан терісінің сызықтық тереңдеуі;
- 3) алақан терісінің сызықтық көтеріңкілігі және сызықтық тереңдеуі.

**Сұраққа жауап бірнеше белгіден тұрады.** Сұрақта әріптермен нөмірленген белгілердің тізімі қойылады.

Жауабы әріптердің жиынтығы түрлерімен беріледі.

*Мысалы. Дактилоскопиялық картада келесі көрсетілгендердің қайсысы болады:*

- а) сол және оң қолының барлық саусақтарының таңбалары;
- б) бақылау саусақ таңбалары;
- в) тіркелгеннің тегі, аты-жөні;
- г) жынысы;
- д) туған жері және жылы;

- с) ұлты,
- ж) туған жері,
- з) негізгі және қосымша формулалар.
  - 1) а, б, в, г, д, е, ж, з;
  - 2) а, б, в, г, з;
  - 3) а, в, з.

**Сұрақтың жауабы формула түрінде.** Сұрақ белгілердің жинағынан тұрады. Осы белгілердің жинағына сәйкес, жауабы формула түрінде беріледі. Кері варианттары болуы мүмкін: сұрақта формуласы болады, ал жауабында формулаға сәйкес келетін белгілердің жиынтығы.

*Мысалы. Оң қолының сұқ, орта, шынашақ саусақтарында және сол қолының сұқ саусағында шеңберлі өрнектері бар адамның негізгі дактилоскопиялық формуласы:*

- 1) 17/15;
- 2) 16/14;
- 3) 3/1.

Оқу құралы өзге де мақсаттарды көздейді: білім алушының есінде қалатын мәліметтер оның қайталау санына тура сәйкес болады. Құралда берілген тапсырмаларды шешу қалай да болса оқу материалын қайталауға әкеп соғады, ол өз кезеңінде білім деңгейлерін көтеруге жағымды әсер етеді.

## 1 ТАРАУ. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ РӘСІМДЕУ ТУРАЛЫ

### **Техникалық құралдарды қолданудың процессуалдық рәсімделуі.**

Криминалистика қылмыстық құқық бұзушылықтардың механизмінің заңдылықтары туралы, қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты және оған қатысушылар туралы ақпараттың пайда болуы, осы криминалистикалық маңызды ақпараттарды жинау, зерттеу және пайдаланудың заңдылықтары және қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу мен алдын-алудың әдістері мен тәсілдерін білу негізі туралы ғылым.

Криминалистикалық білімдерді қолдана отыра тергеу жүргізуші тергеуші немесе анықтаушы қылмыстық құқық бұзушылық бойынша ақпарат жинайды және құқықтық баға береді. Бұл жөнінде тергеу жүргізушіге көмектеседі сарапшы, маман және басқа да қылмыстық процеске қатысушылар.

Сарапшы (ҚР ҚПК 79-бап.) ретінде арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам шақырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар ҚПК 273-бабының бірінші бөлігінде белгіленеді (**Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар**), онда сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдарға;
- 3) заңда көзделген тәртіппен және шарттарда біржолғы тәртіппен өзге адамдарға тапсырылуы мүмкін деп көрсетілген.

Сараптама жүргізу процеске қатысушылар ұсынған адамдардың біреуіне тапсырылуы мүмкін.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақыру туралы талабы көрсетілген адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті.

Сарапшыны шақыру, сараптаманы тағайындау және жүргізу ҚПК 35-тарауында, сондай-ақ 373-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сарапшының:

- 1) сараптаманың нысанасына жататын материалдармен (іс материалдарымен) танысуға;

- 2) қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге;

- 3) қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын тұлғаларға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

- 4) өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс тіркелуіне қатысты, хаттамаларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

- 5) сараптаманы тағайындаған органның келісімі бойынша, сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот

сараптамасын тағайындау туралы қаулыда қамтылған мәселелердің шегінен шығатын мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

7) қылмыстық процесті жүргізетін органның және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де тұлғалардың сараптама жүргізу кезінде өзінің құқықтарына қысым көрсететін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сараптама жүргізу кезінде шегілген шығыстарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Сарапшы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органды хабардар етпестен, процеске қатысушылармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды өз бетінше жинауға;

3) егер сараптама тағайындаған органның бұған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге құқылы емес.

Сарапшы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, қойылған мәселелер бойынша негізделген және объективті жазбаша қорытынды беруге;

3) ҚПК 284-бабында (**Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар**) көзделген жағдайларда, егер сарапшы зерттеу жүргізгенге дейін өзінің алдына қойылған мәселелер өзінің арнаулы ғылыми білімдерінің аясынан тыс екеніне немесе өзіне ұсынылған зерттеу объектілері не материалдары қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және толықтырыла алмайтынына не ғылым мен сот сараптамасы тәжірибесінің жайы қойылған мәселелерге жауап қайтаруға мүмкіндік бермейтініне көзі жеткізсе, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар жазып, оны сараптама тағайындаған адамға, органға жіберуге, қорытынды беруден бас тартуға;

4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге;

5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге;

7) сараптаманы тағайындаған органға шығыстар сметасын және сараптама жүргізуге байланысты шегілген шығыстар туралы есепті ұсынуға міндетті.

Сарапшы көрінеу жалған қорытынды бергені үшін заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.



Сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің сипатына қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман (ҚПК РК 80-бап) ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне кіретін мәселелерді түсіндіру, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдану жолымен дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін. Кәсіпке толмаған адамның қатысуымен болатын тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын педагог та, психолог та, сол сияқты оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын дәрігер де мамандар болып табылады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің қызметкері зерттеу жүргізу және қорытынды беру үшін маман ретінде тартылуы мүмкін.

Маманның:

- 1) зерттеу нысанасына жататын материалдармен танысуға;
- 2) қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдар беру туралы өтінішхаттар мәлімдеуге;
- 3) өзінің шақырылу мақсатын білуге;
- 4) егер тиісті арнаулы білімі мен дағдысы болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға;
- 5) тергеу немесе сот әрекетіне қатысушыларға қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сұрақтар қоюға; олардың назарын дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жәрдем көрсету, істің материалдарын зерттеу, сараптама тағайындауға материалдар дайындау кезіндегі өзінің әрекеттеріне байланысты мән-жайларға аударуға;
- 6) қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың тағайындауы бойынша іс материалдарына, салыстырма зерттеулерді қоспағанда, оның барысы мен нәтижелерін ҚПК 199-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген тәртіппен қылмыстық іске қосып тігілетін хаттамада не ресми құжатта көрсете отырып, объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын зерттеулер жүргізуге құқығы бар. Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің маманы қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сот-сараптамалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін ҚПК Кодекстің 117-бабының талаптарына сәйкес ресімделген маманның қорытындысында көрсете отырып, осы объектілер бойынша оны жүргізуді жоққа шығармайтын көлемде осы объектілердің ішінара жойылуына әкелетін салыстырмалы зерттеулер жүргізуге;
- 7) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттердің барысы мен нәтижелерінің тіркелуінің толықтығы мен

дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға;

8) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне шағым келтіруге;

9) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

10) аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

11) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге;

12) егер іс бойынша іс жүргізуге қатысуы оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, өзінің тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысуына байланысты шеккен шығыстарына өтем және орындаған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Маман:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органға хабардар етпестен, процеске қатысушылармен зерттеу жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу материалдарын өз бетінше жинауға құқылы емес.

Осы шектеулер осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қолданылмайды.

Маман:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге;

2) дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға жәрдем көрсету үшін арнаулы білімін, дағдысын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, тергеу әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысуға;

3) өзі орындаған әрекеттерге қатысты түсінік беруге, ал осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайда зерттеу жүргізуге және қорытынды беруге;

4) істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге;

5) тергеу әрекеттері жүргізілген кезде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға;

6) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Өзінің міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін маманға ҚПК 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда маман заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Маманның пікірі сараптамалық қорытындыны алмастырмайтынын назарда ұстаған жөн. Маман сараптаманы тағайындау кезінде (сараптама түрін таңдау, іс материалдарын дайындау, салыстырмалы үлгілердің көлемі мен сапасын анықтау және т.с.с.) қатыстырылуы мүмкін. Маман сот талқылауына сот шешімі бойынша тек сарапшы қорытындысын зерттеуге көмектесу және оған баға беру, сараптамалық зерттеуді жүргізген кезде қолданылған әдістерді, ғылыми-техникалық құралдарды, жүргізілген ғылыми әдістемелерді және т.с.с. түсіндіру мақсатында қатыса алады.

Тергеуші немесе анықтаушы қылмыстық істі тергеу барысында, тек қана заңды жолмен алынған дәлелдемелерге ғана сүйенеді.

Заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот ҚПК айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады (ҚПК **111-бап.**)

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Нақты деректер, егер олар ҚПК талаптары бұзыла отырып алынса (ҚПК **112-бап.**), алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса, оның ішінде:

1) азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынасты қолдану арқылы;

2) қылмыстық процеске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы;

3) осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты;

4) қарсылық білдірілуге жататын адамның процестік әрекетке қатысуына байланысты;

5) процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы;

6) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;

7) дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс.

Қылмыстық процеске нақты деректердің дәлелдемелер ретінде пайдалануына жол бермеуді, сондай-ақ оларды шектеп пайдалану мүмкіндігін анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот өз бастамасы бойынша немесе тараптың өтінішхаты бойынша белгілейді. Анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе судья дәлелдемелерге жол бермеу туралы мәселені шеше отырып, әрбір жағдайда жол берілген бұзушылықтың нақты қалай көрініс тапқанын анықтауға және уәжді шешім қабылдауға міндетті.

Егер күдіктінің, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының

тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды. Күдіктінің одан куә ретінде алдын ала жауап алу барысында берген айғақтары дәлелдемелер ретінде таныла алмайды және оларды оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы қолдануға, сондай-ақ күдіктіні айыптау негізіне жатқызуға болмайды.

Қылмыстық-процестік заңды бұза отырып алынған нақты деректер дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін деректер деп танылады және олар айыптау негізіне жатқызыла алмайды, сондай-ақ ҚПК 113-бабында көрсетілген кез келген мән-жайларды дәлелдеу кезінде пайдаланыла алмайды.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтар арқылы алынған нақты деректер тиісті бұзушылықтар және қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында оларға жол берген тұлғалардың кінәлілігі фактісінің дәлелдемелері ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сарапшының қорытындысы – ҚПК талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілетін құжат (ҚР ҚПК **116-бап.**)

Сарапшының ауызша түсіндірмелері ол бұрын берген қорытындыны түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады.

Сарапшының қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс.

Сарапшының айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер.

Маманның қорытындысы – осы баптың үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес ресімделген және маманның алдына қылмыстық процесті жүргізетін адам немесе тараптар қойған мәселелер бойынша зерттеулердің мазмұны мен түйіндерін көрсететін, жазбаша түрде ұсынылған ресми құжат (ҚР ҚПК **117-бап.** ).

Зерттеуді тағайындау, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар дайындау тәртібі, зерттеуді тағайындау және жүргізу кезіндегі күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің және оның өкілінің, куәның, қорғаушының құқықтары мен міндеттері, өздеріне қатысты зерттеу жүргізілетін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері, процеске қатысушылардың зерттеу жүргізу кезінде қатысу құқығы, зерттеу объектілеріне қойылатын құқықтық талаптар, күдіктіге, жәбірленушіге маманның қорытындысын ұсынудың тәртібі мен құқықтық салдарлары, зерттеу үшін үлгілер алудың негіздері мен тәртібі маманның зерттеу жүргізу ерекшеліктері ескеріле отырып, ҚПК 34 және 35-тарауларында белгіленеді.

Қажетті зерттеулерді жүргізгеннен кейін маман өз атынан жазбаша қорытынды жасайды және оны өзінің қойған қолымен куәландырады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органының уәкілетті бөлімшесінің қызметкері жасаған, маманның жазбаша қорытындысы көрсетілген бөлімшенің мөрімен расталады.

Маманның қорытындысында:

- оның ресімделген күні, зерттеу жүргізілген мерзімдер мен орын; тергеу әрекеті хаттамасының деректемелері, оған маманның қорытындысы, зерттеуді жүргізген маман туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы) қоса беріледі;

- маманның өзіне көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілгені туралы оның қойған қолымен куәландырылған белгі;

- маманның алдына қойылған мәселелер;

- зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, қапталуы, мөрмен бекемделуі;

- қолданылған әдістер көрсетіле отырып, зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері;

- жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, маманның алдына қойылған мәселелер бойынша түйіндерінің негіздемесі мен тұжырымдалуы көрсетілуге тиіс.

Маманның қорытындысын көрнекілейтін, осы баптың екінші бөлігінде көзделген тәртіппен куәландырылған материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер де қоса берілуге тиіс.

Маманның ауызша түсіндірмелері оның бұрын берген қорытындысын түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады.

Маманның айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін, оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер.

Маманның қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық құралы болды деп пайымдауға негіз болса немесе оларда қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалса немесе олар қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болса – нәрселер, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралы болуы мүмкін ақша мен өзге де құндылықтар, нәрселер мен құжаттар заттай дәлелдемелер болып танылады (**ҚПК 118-бап.**)

ҚПК 221-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, заттай дәлелдемелер қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен іске қоса тігіледі және үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау тәртібі ҚПК Кодекстің 221-бабында айқындалады.

Қылмыстық істі тоқтату туралы шешім шығару немесе үкім шығару кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешілуге тиіс. Бұл ретте:

1) қылмыстық құқық бұзушылық құралы сот тәртібімен тәркіленуге жатады немесе тиісті мекемелерге белгілі бір тұлғаларға беріледі немесе

жойылады;

2) ұстауға тыйым салынған немесе ұстауға шектеу қойылған заттар тиісті мекемелерге берілуге жатады немесе жойылады;

3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі тұлғалардың немесе мекемелердің өтінішхаты болған жағдайда, оларға берілуі мүмкін;

4) қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді. Бұл заттардың тиесілігі туралы дау туындаған жағдайда, дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге жатады;

5) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалады не ҚПК 120-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қылмыстық процесті жүргізетін адам тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын, ҚПК Кодекстің қағидаларына сәйкес жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қамтылған, сондай-ақ тергеу әрекеті барысында маман жүргізген қарап-тексеру, куәландыру, алу, тінту, ұстап алу, мүлікке тыйым салу, тануға ұсыну, үлгілерді алу, мәйітті эксгумациялау, айғақтарды сол жерде тексеру, құжаттарды ұсыну, тергеу эксперименті, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде анықталған, сондай-ақ сот отырысының сот әрекеттері мен олардың нәтижелері көрсетілетін хаттамасында қамтылған нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады (ҚПК119-бап.).

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады (ҚПК 121-бап.). Дәлелдеу ҚПК 23-тарауында көзделген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар

Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде ҚПК көзделген процестік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды

(ҚПК 122-бап.).

Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін ҚПК Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; ҚПК Кодексте көзделген процестік іс-әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-іздіксіз немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар мен тексерулер жүргізуді талап етуге құқылы. Қылмыстық қудалау органы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ревизиялар мен тексерулер жүргізудің талап етілетіні туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

ҚПК белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруге немесе сот талқылауына қатысуға жіберілген қорғаушы, жәбірленушінің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы тәртіпті сақтай отырып, жәбірленушіні қорғауды, оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді:

1) заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап етіп алуға құқылы. Көрсетілген тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олар сұратқан құжаттарды немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені қарау кезінде талап етіп алдырылатын анықтамалар, мінездемелер және өзге де құжаттар қорғаушыға жиырма төрт сағат ішінде ұсынылады;

2) ҚПК 272-бабының бесінші, тоғызыншы және оныншы бөліктеріне сәйкес шарттық негізде сот сараптамасын жүргізуге бастамашылық жасау;

3) сараптама мекемесіне шарттық негізде тиісті сараптама жүргізу туралы сұрау салу жолдау;

4) шарттық негізде маман тарту;

5) қылмыстық іске қатысты ақпаратты білуі ықтимал адамдардың келісуімен, оларға сұрау салу арқылы, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып алуға құқылы.

Сұрау салу барысы мен нәтижелері жазбаша түрде не электрондық жеткізгіште көрініс тауып, қорғаушының, жәбірленуші өкілінің өтінішхаты бойынша қылмыстық іске қоса тігілуге жатады және оларды қылмыстық істі жүргізуші орган ҚПК Кодекстің талаптарына сәйкес зерттегеннен және бағалағаннан кейін дәлелдеме мәртебесіне ие болады.

Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да, не электрондық құжат нысанындағы мәліметтерді, сондай-ақ

нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы.

Осы баптың үшінші бөлігі 1) тармағының талаптарын орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін (**ҚПК 123-бап.**)

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі.

Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады.

Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады.

Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады.

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс.

Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады.



Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды ҚПК Кодексте көзделген процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады (**ҚПК 126-бап.**).

Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін.

Егер ғылыми-техникалық құралдар:

- 1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе;
- 2) ғылыми тұрғыдан дәрменді болса;
- 3) қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;
- 4) қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді (**ҚПК 197-бап.**)

Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық

көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы.

ҚПК 255-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, 220-бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде, 252-бабында, 254-бабының төртінші бөлігінде, 255-бабында көзделген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту міндетті болады.

Қалған жағдайларда тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде олардың барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар міндетті түрде қолданылады.

Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады.

Әрекеттердің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 91 бұйрығымен **«Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы шықты.**

Бұл Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағида) сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қылмыстық қудалау органдары пайдаланатын тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдардың қолданылуын нақтылайды.

Осы қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ақпаратты жеткізгіш – онда/оған салынған ақпаратты өзінің құрылымында ұзақ уақыт сақтауға қабілеті бар ақпаратты қамтитын (жеткізетін) материалдық объект;

2) тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар – дәлелдемені табу, тіркеу, алып қою және зерттеу үшін құқыққа сыйымды түрде қолданылатын аспаптар, арнаулы құрылғылар, материалдар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдарды қолдану Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) және осы Қағиданың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында, егер бұл Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделсе, тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың өзге тәртібін қолдануға жол беріледі.

Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-

техникалық құралдар ҚПК-де тікелей көрсетілген жағдайларда міндетті тәртіппен қолданылады. Қалған жағдайларда олар тергеушінің, анықтаушының, прокурордың қалауы бойынша немесе ҚПК-нің талаптарына сәйкес қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттары бойынша қолданылады.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар жоқ болған немесе оларды қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда куәгерлер тартылады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты тергеу ірекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдарды қолдану Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібі.**

Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар ҚПК-нің 126 және 199-баптарына сәйкес қолданылады.

Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану ҚПК-нің 199-бабының 5-бөлігіне сәйкес тергеу әрекеттерінің хаттамасында белгіленеді, сондай-ақ онда:

1) ғылыми-техникалық құралдың және ақпарат жеткізгіштің түрі мен моделі;

2) ғылыми-техникалық құралға тіркеп жазылған уақыты: жазуды қосу мен аяқтау уақыты;

3) тергеу әрекетіне қатысушылардың аудио-бейне жазбаны қарағаны (тыңдағаны), қарап болғаннан кейінгі мәлімдеген ескертулері мен өтініштері туралы мәліметтер;

4) бейне-аудио материалдарын бір жеткізушіден екіншісіне ауыстыру туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралға жазу тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын тұлғаның түсіндірмелерімен сүйемелденеді, қосылған кезде жазудың басталған уақыты, күні, орны, тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын тұлғаның лауазымы мен тегі, оған қатысқан тұлғалардың тектері, лауазымдары, процестік жағдайы, тергеу әрекеттерін тіркеп тұратын ғылыми-техникалық құралдардың және бұл ретте, пайдаланылатын ақпарат жеткізгіштің атауы айтылады.

Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралда жазуды аяқтар алдында жазу аяқталатын уақыт хабарланады, тергеу әрекеттеріне қатысушылардан өтініштердің, ескертулер мен ұсыныстардың болуы, және қажет кезде, тергеу әрекеттерін аяқтау себептері туралы мәселе жария етіледі.

Техникалық немесе өзге себептермен жазу ауық-ауық үзілген және қайтадан қосқан жағдайда жазуды тоқтата тұру себептері мен қалпына келтірілген уақыты туралы хабарланады.

Тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін ақпаратты жеткізгіш тергеу әрекетін жүзеге асыруға жауапты тұлғаға беріледі.

Егер ғылыми-техникалық құралда ақпаратты алынбалы жеткізгіште тіркеуге және сақтауға мүмкіндік болмаса, тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат бастапқы форматта ақпараттарға өзгерістер енгізуді және сапасын нашарлатуды болдырмайтын көшіру жолымен басқа жеткізгішке ауыстырылады.

Ақпараттарды дереу көшіріп алуға мүмкіндік болмаған кезде тергеу әрекеті жүргізілген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей оны техникалық мүмкіндіктердің болуы фактісі бойынша ауыстыруға жол беріледі, ол туралы тергеу әрекеттерін жүргізген тұлға тиісті хаттамада қосымша жазба жүргізеді.

Атап айтқанда, көшіруді жүзеге асырған тұлға туралы мәліметтер, ақпараттарды бір жеткізгіштен екіншісіне беру фактісі, 1 байтқа дейінгі дәлмедәл файлдың бақылау сомасы және файлдың форматы, сондай-ақ пайдаланылған жабдықтар туралы ақпараттар көрсетіледі. Фототүсірілімдер қағаз жеткізгіштерге ауыстырылады.

Аталған ақпарат жеткізгішті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға буып-түйеді, мөрмен бекітеді, қолдарын қояды, қылмыстық істің жанында сақталады (ҚПК-нің 199-бабының 8-бөлігі).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде ҚПК Кодекске сәйкес қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы Кодекстің баптары көрсетіледі (**ҚПК 198-бап.**)

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады (**ҚПК 199-бап.**).

Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс- және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

ҚПК 97-бабы қолданылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар

қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл фактіні куәландыру ҚПК 123-бабының жетінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі.

Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті (ҚПК **219-бап.**).

Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі (ҚПК **220-бап.**).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-

шараларды жүргізуге міндетті.

Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады.

Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы.

Қарап-тексеру кезінде қажет болған жағдайларда қарап-тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге де құралдармен түсіріп алу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалып, оған көрсетілген материалдар қоса тіркеледі.

Тірі адамды қарап-тексеру оның киген киімдерін және денесінің ашық бөліктерін көзбен шолу, сырттай қарап-тексеру нысанында жүргізіледі, оның барысы мен нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған тергеу судьясынан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді.

Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеру жүргізу қажет болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қарап-тексеру жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің қарап-тексеру жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Материал сотқа келіп түскен соң, тергеу судьясы қарап-тексеруді санкциялау туралы өтінішхатты дереу қарайды.

Тергеу судьясы өтінішхатты және ұсынылған материалдарды қарап шығып, қарап-тексеруді санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады. Тергеу судьясының шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса тігіледі.

Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберіле алмайды.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады.

Ұйымдардың үй-жайлары мен аумағындағы қарап-тексеру олардың әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сол сияқты дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды қарап-тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның өтініші бойынша немесе оның келісуімен және қатысуымен ғана жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады. Қарап-тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

Егер бірінші қарап-тексеру кезінде объектінің бөлшектері қандай да бір себептер бойынша зерттелмеген болса, оларды қосымша қарап-тексеру жүргізіледі.

Нақ сол объектіні қайтадан қарап-тексеру:

1) бастапқы қарап-тексеру жағдайлары объектінің тиімді қабылдануы үшін қолайлы болмаған ретте;

2) егер бастапқы қарап-тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болса;

3) егер бастапқы қарап-тексеру сапалы жүргізілмеген жағдайда, өткізілуі мүмкін.

Оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған, тінту, алу, тергеу эксперименті немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер ҚПК 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады (ҚПК 221-бап.).

Көрсетілген нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін ҚПК 118-бабының

қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәрсені заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулы шығарады. Осы қаулыда заттай дәлелдемені іспен бірге қалдыру немесе оны иесіне немесе өзге адамдарға немесе ұйымдарға сақтауға өткізу туралы мәселе шешілуге тиіс.

Егер нәрселерді ауқымды болуына немесе өзге де себептерге байланысты қылмыстық іспен бірге сақтау мүмкін болмаса, олар фото- немесе бейнетүсіру құралдарымен түсіріп алынуға, мүмкіндігінше мөрленуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам көрсеткен орында сақталуға тиіс. Іске заттай дәлелдеменің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін. Істе заттай дәлелдеменің табылған жері туралы тиісті анықтама болуға тиіс.

Заттай дәлелдемелерді алып қою, сақтау, беру және жою, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган алып қойған ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тез бұзылуға бейім заттай дәлелдемелер, егер оларды иесіне қайтару мүмкін болмаса, жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалану не алынған сомаларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, өткізу үшін тапсырылады. Сақталуы елеулі материалдық шығынды талап ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне тиісті түрде хабарланғаннан кейін алты ай өткен соң қайтарып берілуі мүмкін болмаса, ал иесі анықталмаған жағдайда – нәрселерді заттай дәлелдемелер деп таныған кезден бастап сол мерзімде өткізіледі. Заттай дәлелдемелер алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен өткізіледі. Негіздер болған кезде, пайдаланылған немесе өткізілген заттай дәлелдемелер иесіне сондай түрдегі және сападағы нәрселермен қайтарылады немесе соңғысына олардың құны соттың шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Әрбір атауы (түрі) бойынша аса ірі мөлшерге жатқызудың белгіленген шегінен асатын мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін заттай дәлелдемелер деп танылып, іске үлгі ретінде қоса берілгендерін қоспағанда, прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органы қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс. Есірткі заттарды жою туралы, прокурормен келісілген қаулы және заң талаптарына сәйкес және жою кезінде бейнетіркеуді қолдана отырып жасалған, оны іс жүзінде жою туралы акт қылмыстық іске қоса тігіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық іске қосып тігу үшін прокурормен келісілген тиісті қаулының негізінде маманның міндетті түрде қатысуымен және бейнежазбаны қолданып, алып қойылған есірткі, психотроптық заттардың жалпы көлемінен әрбір атауы (түрі) бойынша тиісті есірткі, психотроптық заттар үшін заңда белгіленген аса ірі мөлшерге тең шамасында үлгілер іріктеп алынуға, олар қапталып, мөрленуге тиіс, қаптамада заттың атауы және оның көлемі туралы жазба жасалып, қаптамада қамтылғанның анықтығы осы әрекетке қатысқан адамдардың қойған



қолдарымен куәландырылады.

Бақыланатын жеткізілім немесе өзге де жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңсыз айналымнан алып қойылған есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды пайдалану қажет болған жағдайда, оларды жою тиісті жасырын тергеу әрекеттері аяқталғанға дейін прокурордың келісімімен жүргізілмеуі мүмкін.

Анықтау органы істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға немесе бір анықтау органынан басқа анықтау органына не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір адамнан екіншісіне берген кезде, сол сияқты іс прокурорға және сотқа жіберілген кезде заттай дәлелдемелер, осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, белгіленген тәртіпке сәйкес жөнелтіледі. Заттай дәлелдемелер қапталған және мөрленген түрде оларды даралайтын белгілері көрсетіліп, қамтылған тізімдемемен қоса беріледі.

Қылмыстық іс тоқтатылған кезде заттай дәлелдемелердің және мұндай деп танылмаған нәрселердің тағдыры туралы мәселе ҚПК 118-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша шешіледі.

Адамның мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оның жалпы қағидалары сақтала отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Адамның мәйітін қарап-тексеру үшін басқа мамандар да тартылуы мүмкін (ҚПК 222-бап.).

Адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап тексерген жағдайда, сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті.

Танылмаған адамның мәйітін фотосуретке түсіру, оған дактилоскопия жасау, сондай-ақ сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу міндетті болып табылады.

Адамның мәйітін сырттай қарап-тексеру кейіннен сот-медициналық сараптаманың жүргізілуін алмастыра алмайды және жоққа шығармайды.

Мәйітті қарап-тексеру процесінде азаматтардың қайтыс болған адамды тану туралы мәлімдемелері кейіннен мәлімдеушіден куә ретінде жауап алынып, сол тергеу әрекетінің хаттамасына енгізіледі, бұл адам мәйітін бұдан әрі басқа адамдарға тану үшін көрсетуді жоққа шығармайды.

Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыстық құқық бұзушылық іздерін, денсаулыққа келтірілген зиянның белгілерін табу, мас болу жағдайын немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, күдіктіге, жәбірленушіге, куәға, арыз иесіне және арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамға куәландыру жүргізілуі мүмкін (ҚПК 223-бап.).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландыру жүргізу туралы қаулы шығарады, ол күдікті, айыпталушы үшін, сондай-ақ арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адам үшін міндетті болып табылады.

Жәбірленушіні, куәні, арыз иесін мәжбүрлеп куәландыру ҚПК 220-бабының 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінде көзделген тәртіппен, тергеу

судьясының санкциясымен жүргізіледі.

Куәландыруды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен жүргізеді.

Егер куәландыру адамның денесін жалаңаштаумен ұштастырылатын болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе дәрігер жүргізеді.

Қарап-тексерудің, куәландырудың барысы мен нәтижелері тергеу әрекетін жүргізетін адам жасаған хаттамада ҚПК 199-бабының талаптары сақтала отырып, көрсетіледі (ҚПК 224-бап.).

Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде жүргізілген барлық әрекеттер, сол сияқты қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталғандардың барлығы олар жүргізілген ретпен және қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталған күйінде сипатталады. Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде алып қойылған барлық объектілер санамаланады және сипатталады.

Хаттамада: қарап-тексеру немесе куәландыру қай уақытта, қандай ауа райы кезінде және жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені; қандай ғылыми-техникалық құралдар қолданылғаны және қандай нәтижелер алынғаны; көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуге кімдердің тартылғаны және олардың қалай қатысқаны; қандай объектілердің мөрленгені және қандай мөрмен бекітілгені; қарап-тексеруден кейін адамның мәйіті немесе іс үшін маңызы бар нәрселер қайда жіберілгені көрсетілуге тиіс.

## 2 ТАРАУ. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКА

- 2.1 Сұрақ** Криминалистік техниканың құралдары және әдістері мына мақсатта қолданылады:
- 1) қылмысты алдын-ала тергеуде;
  - 2) қылмыстың алдын алуда, қылмысты алдын-ала тергеуде және қылмыстық істі дұрыс шешуге;
  - 3) қылмысты алдын-ала тергеуде және қылмыстық істі дұрыс шешуге.
- 2.2 Сұрақ** Криминалистік техниканың әдістері деп түсінеді:
- 1) криминалистік техниканы іс жүргізгенде қолданған кездегі әдіс тәсілдердің мазмұны мен жүйелілігі;
  - 2) криминалистік техниканы қолданудың әдіс тәсілдері;
  - 3) криминалистік техниканы іс жүргізгенде қолданған кездегі әдіс тәсілдердің мазмұны.
- 2.3 Сұрақ** Криминалистік техника құралдары кіммен және қаншалықты қолданылады?
- 1) субъектілердің криминалистік техника құралдарын қолдануы бойынша «сарапшылар техникасы» және «тергеушілер техникасы» деп бөледі;
  - 2) субъектілердің криминалистік техника құралдарын қолдануы бойынша «сарапшылар және мамандар техникасы» және «тергеушілер техникасы» деп бөледі;
  - 3) негізінде қандай да болмасын техника сарапшымен, маман мен тергеуші және судьямен де қолданылуы мүмкін.
- 2.4 Сұрақ** Қарау кезінде құймалар мен таңбаларды дайындау:
- 1) ҚР ҚПК -нің 123 бабында көрсетілген;
  - 2) заңда көрсетілмеген, тек қана криминалистика ғылымының ұсынысымен қолданылады;
  - 3) ҚР ҚПК -нің 130 бабында көрсетілген.
- 2.5 Сұрақ** Жауап алғанда дыбыс жазбаны қолдану:
- 1) ҚР ҚПК -нің 123 бабында көрсетілген;
  - 2) заңда көрсетілмеген, тек қана криминалистика ғылымының ұсынысымен қолданылады;
  - 3) ҚР ҚПК -нің 132 бабында көрсетілген.
- 2.6 Сұрақ** Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысатын мамандар:
- 1) ғылыми техникалық құралдарды және әдістерді қолдану кезінде тергеушіге көмектеседі және кеңес береді;
  - 2) тергеушіге кеңес береді, көмектеседі және өздері ғылыми техникалық құралдарды және әдістерді қолданады;

3) өздері ғылыми техникалық құралдарды және әдістерді қолданады.

**2.7 Сұрақ** Дәлелдемелерді бекіту тәртібі:

- 1) ҚР ҚПК -нің 123 бабында көрсетілген;
- 2) ҚР ҚПК -нің 126 бабында көрсетілген;
- 3) Қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелмейді.

**2.8 Сұрақ** Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми техникалық құралдарды қолдану:

- 1) ҚР ҚПК -нің 125, 123, 126 бабтарында көрсетілген;
- 2) ғылыми криминалистік ұсыныстармен реттеледі, қылмыстық процесуалдық нормалармен көрсетілген;
- 3) ведомствалық инструкциялармен реттеледі, қылмыстық процесуалдық заңдармен.

**2.9 Сұрақ** Дәлелдемелердің сақталу тәртібі:

- 1) Қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелмейді;
- 2) ҚР ҚПК -нің 118 бабында көрсетілген;
- 3) ҚР ҚПК -нің 221 бабында көрсетілген.

**2.10 Сұрақ** Тергеуші боялған саусақтың ізінің өрнегінің түрін анықтау үшін қараған кезде қолданады:

- 1) биологиялық микроскопты;
- 2) лупаны;
- 3) салыстырмалы микроскопты.

**2.11 Сұрақ** Тергеу чемоданындағы типографиялық бояу арналған:

- 1) қол таңбасын алуға;
- 2) жоспар және схема сызуға;
- 3) дәлелдер бар пакеттерді маркировкалауға.

**2.12 Сұрақ** Тергеу чемоданында ұзындық мөлшерлерді 0,1 мм дейін өлшейтін:

- 1) рулетка бар;
- 2) микрометр бар;
- 3) штангенциркуль бар.

**2.13 Сұрақ** Тергеу чемоданындағы магниттік кист, арналған:

- 1) іздерді табуға;
- 2) дактилоскопиялық картаға қол таңбасын алуға;
- 3) құпия орындарды табуға.

- 2.14 Сұрақ** Өлшеуге, жоспар және схема сызуға арналған техникалық құралдар:
- 1) тергеу чемоданының жинағына кіреді;
  - 2) жинаққа кірмейді;
  - 3) тек қана прокурор –криминалистің чемоданында бар.
- 2.15 Сұрақ** Іздеу приборларының жинағы (портативті темір іздеуіш, көтергіш магнит, трал, қуыс бұрғы (щуп):
- 1) прокурор –криминалистің чемоданының жинағына кіреді;
  - 2) тергеу портфелінің жинағына кіреді;
  - 3) тергеуші және прокурор –криминалистің чемоданының жинағына қосылмайды.
- 2.16 Сұрақ** Объективтің фокустық қашықтығымен, микроскоптың тереңдік айқындылығының байланысы:
- 1) болмайды;
  - 2) кері пропорционалды;
  - 3) тура пропорционалды.
- 2.17 Сұрақ** Объективтің фокустық қашықтығымен, микроскоптың еселілігінің (артуымен) байланысы:
- 1) болмайды;
  - 2) тура пропорционалды;
  - 3) кері пропорционалды.
- 2.18 Сұрақ** Микроскоптың ұлғайту еселілігімен (артуымен), микроскоптың тереңдік айқындылығының байланысы:
- 1) кері пропорционалды;
  - 2) тура пропорционалды;
  - 3) тәуелділігі жоқ.
- 2.19 Сұрақ** Объектіні микроскоппен зерттеуге болады:
- 1) өтетін жарықта;
  - 2) шағылысқан жарықта;
  - 3) өтетін жарықта және шағылысқан сәулелерде.
- 2.20 Сұрақ** Екі бірдей бөлімге бөлінген бір көру алаңындағы екі объектіні байқауға болады:
- 1) бинокулярлы микроскоппен;
  - 2) монокулярлы микроскоппен;
  - 3) салыстырмалы микроскоппен.
- 2.21 Сұрақ** Объектінің үстінің тегіссізділігін тауып және оның биіктілігін өлшеуге болады:
- 1) МБС-1 микроскобымен;

- 2) МС-51 микроскобымен;
- 3) МИС-11 микроскобымен.

**2.22 Сұрақ** Криминалистикада қолданатын өзінің кіру қабілеттілігі бар сәулелер келесі кезекпен орналасады (бірінші көбірек кіру қабілеттілігі бар сәулелер):

- 1) ультракүлгін, рентген, инфрақызыл;
- 2) рентген, инфрақызыл, ультракүлгін;
- 3) инфрақызыл, рентген, ультракүлгін.

**2.23 Сұрақ** Кварцтан не болмаса увиолды шыныдан жасалған объективтермен мына сәулелерде суретке түсіріледі:

- 1) инфрақызыл;
- 2) ультракүлгін;
- 3) спектр көрінетін бөлімінде.

**2.24 Сұрақ** Көбінесе криминалистикалық зерттеуде ультракүлгін сәулелердің қайнар көзі болады:

- 1) күндізгі жарық лампасы;
- 2) қыздырылған лампа;
- 3) ртутты-кварцты лампа.

**2.25 Сұрақ** Криминалистикалық зерттеулерде ультракүлгін сәулелердің келесі қасиеттері жиі қолданылады:

- 1) бактериялылығы;
- 2) адамның көзіне көрінбеуі;
- 3) люминесценцияны шақырту қабілеттілігі.

**2.26 Сұрақ** Сыртқы түрлері бірдей минералды майдың және органикалық майдың шығу тегін айыру үшін көрсетілген әдістердің қайсысын қолдануға болады?

- 1) химиялық талдау;
- 2) химиялық талдауды да, люминесценцияны да;
- 3) люминесценцияны.

**2.27 Сұрақ** Қандай зерттеу әдісі, заттың бүкіл немесе бөлімінің қайтымсыз өзгеруіне байланысты емес?

- 1) химиялық талдау;
- 2) эмиссиялық спектрлік талдау;
- 3) люминесценттік талдау.

**2.28 Сұрақ** Криминалистика зерттеулерінде инфрақызыл сәулелерінің келесі қасиеттері өте жиі қолданылады:

- 1) денені қыздыру (нагревать) қабілеттілігі;
- 2) спектрдің көрнекі бөлігінің сәулелеріне қарағанда, олардың

жұту дәрежесі және ондай объектілерге шағылысулары басқаша;  
3) адамның көзіне көрінбеуі.

- 2.29 Сұрақ** Қандай заттарға келесі көрсетілген инфрақызыл сәулелері кіре алады:
- 1) қарындаш штрихтарының материалы;
  - 2) атыстың ысы (копоть);
  - 3) қанның дағы.
- 2.30 Сұрақ** Криминалистік зерттеулер үшін инфрақызыл сәулелердің көзі болып қызмет көрсетеді:
- 1) электронды-оптикалық түрлендіргіш (преобразователь);
  - 2) ртутты-кварцты лампа;
  - 3) қыздыру электр лампалары.
- 2.31 Сұрақ** Шағылысқан инфрақызыл сәулелерінде көзбен зерттеулер жүргізіледі:
- 1) электронды-оптикалық түрлендіргіштің көмегімен;
  - 2) ртутты-кварцты лампаның көмегімен;
  - 3) спектрографтың көмегімен.
- 2.32 Сұрақ** Оқты (ұнтақ, картель) мәйіттен немесе ағаш тосқауылынан табу үшін қолданылады:
- 1) рентген сәулелері;
  - 2) инфрақызыл сәулелері;
  - 3) ультракүлгін сәулелері.
- 2.33 Сұрақ** Төменде көрсетілген үш талдауды өткізу қажет болса, қайсысын бірінші өткізу керек?
- 1) химиялық;
  - 2) люминесценттік;
  - 3) эмиссионды-спектралды.
- 2.34 Сұрақ** Эмиссионды спектралды талдау болуы мүмкін:
- 1) тек қана сандылы;
  - 2) тек қана сапалы;
  - 3) сапалы және сандылы.
- 2.35 Сұрақ** Химиялық зерттеу әдісі айқындауға мүмкіндік береді:
- 1) осы не болмаса өзге айғақты заттардың материалы қандай элементтерден тұратынын және осылардың сандық байланыстарын анықтауға;
  - 2) осы не болмаса өзге айғақты заттардың материалы қандай элементтерден тұратынын;
  - 3) айғақты заттардың материалының элементтерінің сандық

байланыстарын.

## **ЖАУАПТАР**

|       |        |        |        |
|-------|--------|--------|--------|
| 2.1-2 | 2.10-2 | 2.19-3 | 2.28-2 |
| 2.2-1 | 2.11-1 | 2.20-3 | 2.29-3 |
| 2.3-3 | 2.12-3 | 2.21-3 | 2.30-3 |
| 2.4-1 | 2.13-1 | 2.22-2 | 2.31-1 |
| 2.5-1 | 2.14-1 | 2.23-2 | 2.32-1 |
| 2.6-2 | 2.15-1 | 2.24-3 | 2.33-2 |
| 2.7-1 | 2.16-3 | 2.25-3 | 2.34-3 |
| 2.8-1 | 2.17-3 | 2.26-2 | 2.35-1 |
| 2.9-2 | 2.18-1 | 2.27-3 |        |



### 3 ТАРАУ. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКА, ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ МАҒЫНАСЫ

- 3.1 Сұрақ** Криминалистикалық идентификация қолданылады:
- 1) сарапшылық қызметте;
  - 2) тергеулік, соттық және сарапшылық қызметте;
  - 3) тергеулік және соттық қызметте.
- 3.2 Сұрақ** Қандай келтірілген мәтіндерде дұрыс жазу берілген?
- «Сараптамаға түскен бытыраны (дробь) салыстырмалы зерттегенде, Ивановтың мәйітінен алынған бытыра, химиялық құрамы бойынша, айыпталушы Мамонтовтан алынған бытыраның құрамымен бірдей екені айқындалды ».
- «...Жәбірленушінің бөлмесінің қабырғасынан алынған бытыраның химиялық составы, айыпталушы Мамонтовты тінту кезінде алынған бытыраның құрамымен бірдей»:
- 1) екінші жазу дұрыс;
  - 2) бірінші жазу дұрыс;
  - 3) екі жазу да дұрыс.
- 3.3 Сұрақ** Қандай келтірілген мәтіндерде «тепе-теңдік» дұрыс жазылмаған?
- «Серванттың есігінен табылған дактилоскопиялық таңбаны зерттеу кезінде, ол Волковтың сол жақ қолының сұқ саусағының таңбасымен бірдей болып шықты ».
- «ГТ жүйесінің пистолетінен сыналатын ату жүргізілді, сосын атылған оққа зерттеу жүргізіліп, мәйіттің денесінен алынған оқпен салыстырылды. Оқтарды салыстырмалы зерттеу олардың бірдей екенін анықтады »:
- 1) біріншіде;
  - 2) біріншіде де, екіншіде де;
  - 3) екіншіде.
- 3.4 Сұрақ** Объектінің қандай қасиеттері және белгілері ең үлкен идентификациялық мәнге ие?
- 1) тұрақтылық;
  - 2) кеңістіктік көлем;
  - 3) ұзындық мөлшері.
- 3.5 Сұрақ** Объектінің қандай қасиеттерінің белгілері ең үлкен идентификациялық мәнге ие?
- 1) жиі кездесуі;
  - 2) өлшемі;
  - 3) формасы.

- 3.6 Сұрақ** Объектінің идентификациялық құндылығының белгісінің тәуелділігі, жиі кездесуіне:  
1) тура пропорционалды;  
2) кері пропорционалды;  
3) оның қайталану жиілігіне тәуелді болмайды.
- 3.7 Сұрақ** Пәтер ұрлығын тексергенде, оны Николаевтың жасағаны туралы болжам пайда болды. Сараптамаға Николаевтың үйінде тінту жүргізу кезінде, есіктің қорабынан, ішіне қарай басылған ізден алынған пластилинді көшірме және балта жіберілді. Анықтаңыз, жіберілген объектілердің қайсысы теңдестірілуге (идентификациялауға ) жатады?  
1) балта;  
2) пластилинді көшірме;  
3) пластилинді көшірме және балта.
- 3.8 Сұрақ** Қылмыскерлер есігін бұзып заттарды ұрлаған бөлмені қарау кезінде, дөрекі жонылған жаңа сабы бар қашау табылды. Қашаудың сабын бойлай салыстырмалы терең жыртынды орналасқан. Шамамен жыртындының пайда болуын, сабты жонған балтаның ұшындағы қандай да бір ақаудың, сабта өзінің ізін қалдырғанын түсіндіреді. Тінту кезінде, ұрлықтан күдіктіден екі балта табылды және алынды. Тергеуші балта мен қашауды сараптамаға жіберді.  
Жіберілген объектілердің қайсысы теңдестіруші (идентификациялаушы ) ретінде қолданылды?  
1) қашау;  
2) балталар;  
3) балталар және қашау.
- 3.9 Сұрақ** Зерттеуге Ивановтың атынан жазылған қолхат түсті. Сараптамаға шешуге қойылған сұрақ: «Қолхат Ивановпен әлде басқа тұлғамен жазылған ба?»  
Қандай объект теңдестірілуші?  
1) қолхат;  
2) Семеновтың жазуы;  
3) қолхаттың мәтіні.
- 3.10 Сұрақ** Криминалистикалық идентификацияның маңызды шарты, талабы болып табылады, идентификацияланатын объектінің:  
1) аморфты құрылымының болуы;  
2) кристалды құрылымы болуы;  
3) жеткілікті бейнеленген идентификациялық белгілеріне ие болуы.

- 3.11 Сұрақ** Идентификацияланатын объектілердің қажетті қасиеттері:
- 1) идентификациялаушы объектіден өлшемі көп болуы керек;
  - 2) идентификациялаушы объектіден түсі бойынша айырмашылығының болуы;
  - 3) өзінің идентификациялық белгілерін бірнеше рет көрсете білу қабілеттілігі.
- 3.12 Сұрақ** Қаруды классификациялауға болады: а) суық және оқ дәрімен атылатын, б) ұзын ұңғылы (ствол) және қысқа ұңғылы, в) иір ойып жасалған (нарезное) және тегіс ұңғылы. Түріне қатыстығын қандай классификация көрсетеді ?
- 1) б, в;
  - 2) а;
  - 3) а, б, в.
- 3.13 Сұрақ** Криминалистикалық идентификацияның бірінші кезеңінде айқындалады:
- 1) объектінің топтық қатыстығы;
  - 2) объектінің жеке-нақты тепе-теңдігі;
  - 3) объектінің ұқсастығы.
- 3.14 Сұрақ** Криминалистикалық идентификацияның бастапқы кезеңі болады?
- 1) сәйкес келетін және айырмашылығы болатын белгілерді бағалау;
  - 2) салыстырмалы зерттеу;
  - 3) бөлек зерттеу.

## ЖАУАПТАР

|       |       |        |        |
|-------|-------|--------|--------|
| 3.1-2 | 3.5-1 | 3.9-2  | 3.13-1 |
| 3.2-2 | 3.6-2 | 3.10-3 | 3.14-3 |
| 3.3-2 | 3.7-1 | 3.11-3 |        |
| 3.4-1 | 3.8-1 | 3.12-1 |        |

## **4 ТАРАУ. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ФОТОГРАФИЯ ЖӘНЕ БЕЙНЕТАСПАҒА ЖАЗУ**

- 4.1 Сұрақ** Криминалистикалық (соттық) фотография криминалистикада қолданылады:
- 1) дәлелдерді бекіту әдісі ретінде;
  - 2) дәлелдерді бекіту және зерттеу әдісі ретінде;
  - 3) дәлелдерді зерттеу әдісі ретінде.
- 4.2 Сұрақ** Панорамалық фотоға түсіру, арналған:
- 1) жердің ұзын және созылған объектілерін түсіруге;
  - 2) тар бөлмелердің жағдайын түсіруге;
  - 3) жердің ұзын, созылған объектілерін және тар бөлмелердің жағдайларын түсіруге.
- 4.3 Сұрақ** Арнайы панорамалы фотоаппарат:
- 1) «Горизонт»;
  - 2) «Зенит-3М»;
  - 3) «Практика».
- 4.4 Сұрақ** Панорамалық түсірілімді фотоаппаратпен түсіргенде:
- 1) әрбір келесі кадр объектінің ең ақырғы түсірілген нүктесінен басталады;
  - 2) әрбір келесі кадр, өткен кадрдің 10-15% қамтып түсіріледі;
  - 3) әрбір келесі кадр, өткен кадрмен байланысты емес.
- 4.5 Сұрақ** Шеңберлі панорамалық түсіру ережесі:
- 1) фотокамераға жеке түсіру кезінде фотокамераны дәйекті түрде параллельды орнын алмастырады; фотокамераға жеке түсіру кезінде фотокамераны дәйекті түрде алдыңғы шептің ең ақырғы нүктесін қосатын ойдағы сызық бойынша параллельды орнын алмастырады, не болмаса дәйекті түрде тік өсінің айналасынан айналдырады;
  - 2) фотокамераға жеке түсіру кезінде фотокамераны бір точкадан екінші точкаға жылжытпайды, керісінше дәйекті түрде тік өсінің айналасынан айналдырады.
- 4.6 Сұрақ** Созылып жақында жатқан заттарды суретке түсіргенде, қандай суретке түсіру әдісін қолдану өте орынды?
- 1) объектілердің суретке түсіру нүктесіне байланысты орналасуына, әдістерді таңдау байланысты емес;
  - 2) панорамды сызықтық суретке түсіру әдісі ;
  - 3) панорамды айналдырып суретке түсіру әдісі.
- 4.7 Сұрақ** Созылып алыста жатқан заттарды суретке түсіргенде қандай

суретке түсіру әдісін қолдану өте орынды?

- 1) панорамды айналдырып суретке түсіру әдісі;
- 2) панорамды сызықтық суретке түсіру әдісі;
- 3) объектілердің суретке түсіру нүктесіне байланысты орналасуына, әдістерді таңдау байланысты емес.

**4.8 Сұрақ** Жеке панорамды суретке түсіруді орындау шарттары:

- 1) суретке түсіру орындалады бір қалыпты жағдайда;
- 2) әрбір суретке түсіруге, фотоаппаратпен объектінің ара қашықтығына байланысты диафрагма белгіленеді;
- 3) объектінің түсіне байланысты әрбір суретке түсіруге ұсталым (выдержка) анықталады.

**4.9 Сұрақ** Объектілер бір масштабта көрсетіледі, егер суретке түсіру кезінде:

- 1) бір тегістікте орналасса;
- 2) объективтің негізгі оптикалық өсіне перпендикулярлы бір тегістікте орналасса;
- 3) бір-біріне параллельды орналасса.


**4.10 Сұрақ** Масштабты суретке түсіру ережесімен түсірілген сурет, анықтауға мүмкіншілік береді:

- 1) суретке түсірілген заттар және оның бөлшектерінің сызықтық және көлемді өлшемдерін;
- 2) суретке түсірілген заттар және оның бөлшектерінің көлемді өлшемдерін;
- 3) суретке түсірілген заттар және оның бөлшектерінің сызықтық өлшемдерін.

**4.11 Сұрақ** Заттың натуралды өлшемінің, суреттегі бейнесінің өлшеміне байланысты коэффициенті, суретке түсіру кезіндегі бірліктен көбірек болады:

- 1) натуралды мөлшерге;
- 2) азайады;
- 3) көбейеді.

**4.12 Сұрақ** Суретте көрсетілген тікбұрыштың нағыз енін және ұзындығын анықтау:



- 1) 52,5 см X 60 см
- 2) 70 смX80 см
- 3) 35 смX40 см

- 4.13 Сұрақ** Репродукциялы суретке түсіру әдісі келесі объектілерді суретке түсіргенде қолданылады:
- 1) қандай да болсын;
  - 2) көлемді;
  - 3) тегіс.
- 4.14 Сұрақ** Репродукция жасалуы мүмкін:
- 1) объективпен қамтылған прибордың көмегімен;
  - 2) объективпен қамтылған прибордың көмегімен, не болмаса көшірілетін түпнұсқамен, жарық сезгіш материалды түйістіру жолымен;
  - 3) көшірілетін түпнұсқамен, жарық сезгіш материалды түйістіру жолымен.
- 4.15 Сұрақ** Тік репродукциялық құрылғыда:
- 1) тік экранда түпнұсқа орналасқан, ал объективтің негізгі оптикалық өсі горизонталды бағытталған;
  - 2) горизонталды экранда түпнұсқа орналасқан, ал объективтің негізгі оптикалық өсі тік бағытталған;
  - 3) тік экранда түпнұсқа орналасқан, ал объективтің негізгі оптикалық өсі тік бағытталған.
- 4.16 Сұрақ** Универсалды құрылғы «Беларусь-2» қолданылады:
- 1) микрофототүсірулер үшін және репродукциялы фототүсіру үшін;
  - 2) микрофототүсірулер үшін, репродукциялы фототүсіру үшін және фотоүлкейткіштің орнына;
  - 3) микрофототүсірулер үшін.
- 4.17 Сұрақ** Репродукцияны түйістіру әдісімен орындағанда іздерді алады:
- 1) үлкейтілген;
  - 2) өзіндік өлшемге;
  - 3) кішірейтілген.
- 4.18 Сұрақ** Репродукциялық түсіруді орындағанда, фотокамераның артқы қабырғасы болу керек:
- 1) бұрышымен экранға;
  - 2) экранға перпендикулярлы;
  - 3) экранға қатарлас (параллелді).

- 4.19 Сұрақ** Репродукциялы түсірілімді орындағанда түпнұсқаның жарығы, болуы керек:
- 1) біркелкі, екі жақтан (қарама- қарсы);
  - 2) бір жағынан;
  - 3) екі қарама-қарсы жағынан, бірақ әр-түрлі қарқынды.
- 4.20 Сұрақ** Ақ-қара штрихты түпнұсқадан репродукциялы түсірілімді орындағанда келесі фотоматериалдарды қолданған дұрыстау:
- 1) нормаға сай;
  - 2) контрасты;
  - 3) жұмсақ.
- 4.21 Сұрақ** Түйістірулі репродукциялы түсірілімді орындағанда рефлексті фотоқағаз қолданылуы мүмкін:
- 1) негативті алуға;
  - 2) позитивті алуға;
  - 3) негативті де, позитивті де алуға.
- 4.22 Сұрақ** Түйістірулі репродукциялы түсірілімді рефлексті фотоқағаз арқылы орындағанда:
- 1) рефлексті фотоқағазды объектіге эмульсия жағымен түпнұсқаға салып, объект жағынан жарықтандырылады;
  - 2) рефлексті фотоқағазды объектіге төсетегі (подложка) жағымен түпнұсқаға салып, эмульсия жағынан жарықтандырылады;
  - 3) рефлексті фотоқағазды объектіге эмульсия жағымен түпнұсқаға салып, төсетегі жағынан жарықтандырылады.
- 4.23 Сұрақ** Рефлексті басып шығару кезінде айқындауыш (проявитель) қолданады:
- 1) контрасты;
  - 2) жұмсақ;
  - 3) нормаға сай.
- 4.24 Сұрақ** Тануға түсіру қолданылады:
- 1) тірі адамдардың сыртқы белгілерін түсіріп алуға;
  - 2) мәйіттің және тірі адамдардың сыртқы белгілерін түсіріп алуға;
  - 3) мәйіттің сыртқы белгілерін түсіріп алуға.
- 4.25 Сұрақ** Тануға түсіріледі келесі мақсатта:
- а) криминалистикалық тіркеуге, б) фотосуреттерді көрсету арқылы адамдарды анықтауға, в) криминалистикалық сараптама арқылы адамдарды анықтауға:
- 1) а, б, в;

- 2) а;
- 3) а, в.

- 4.26 Сұрақ** Криминалистикалық тіркеу суреттеріне түсіреді:
- 1) қарсы алдынан (фас) және оң жақ қырынан (профиль);
  - 2) қарсы алдынан және сол жақ қырынан;
  - 3) қарсы алдынан және сол немесе оң жақ қырынан.
- 4.27 Сұрақ** Криминалистикалық тіркеу мақсатында суретке түсіру кезінде:
- 1) суретке түсірілетін адамның басы тік ұсталуы керек;
  - 2) суретке түсірілетін адамның басы кішкене артқа қарауы керек;
  - 3) суретке түсірілетін адамның басы кішкене оңға иілуі керек.
- 4.28 Сұрақ** Криминалистикалық тіркеу мақсатында суретке түсіру кезінде қолданады:
- 1) екі жарықпен, біреуі фотоаппараттың артында орналасады, ал басқасы суретке түсушінің қырынан;
  - 2) екі жарықпен, суретке түсушінің оң және сол жағынан орналасқан;
  - 3) бір жарықпен, фотоаппараттың артында орналасқан.
- 4.29 Сұрақ** Келесі масштабта тіркеу суреттері басылып шығарылады:
- 1) 3:4;
  - 2) 1:7;
  - 3) 1:4.
- 4.30 Сұрақ** Сиқы бұзылған мәйітті тану үшін түсіргенде:
- 1) мәйіттің сыртқы пішінін тірі кезіндегіге жақындатып дайындайды;
  - 2) тек қана «мәйітті әрлеу» қолданылады;
  - 3) мәйітке қандай да болсын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.
- 4.31 Сұрақ** Микрофотография- бұл суретке түсіру тәсілі қолданылады:
- 1) зерттелетін объектілердің микроқұрылысын табуға;
  - 2) зерттелетін объектілердің микроқұрылысын және микрорельефін тауып бекітуге ;
  - 3) зерттелетін объектілердің микрорельефін тауып бекітуге.
- 4.32 Сұрақ** Микрофотосуреттің тәсілі қолданылады, объектілердің бейнелерін алуға:
- 1) натуралды өлшемінде;
  - 2) үлкейтілген;
  - 3) натуралды өлшемінде және үлкейтілген.



- 4.33 Сұрақ** Объектілердегі көзге көрінбейтін айырмашылықтарды табу және бекіту:
- 1) соттық фотографиямен шешетін мақсаттарға кірмейді;
  - 2) бейнелеу фотография әдісімен шешетін мақсаттардың қатарына кіреді;
  - 3) зерттеу фотографиясы әдісімен шешетін мақсаттардың қатарына кіреді.
- 4.34 Сұрақ** Оқтың ізіндегі микроскопиялық рельефті табу және бекіту:
- 1) зерттеу фотографиясы әдісімен шешетін мақсаттардың қатарына кіреді;
  - 2) бейнелеу фотографиясы әдісімен шешетін мақсаттардың қатарына кіреді;
  - 3) соттық фотография шешетін мақсаттарға кірмейді.
- 4.35 Сұрақ** Фотокамера конструкторлы ажыратылмайтын элементі болып саналады, келесі микроскоптың:
- 1) МБИ-4;
  - 2) МБС;
  - 3) МИМ-7.
- 4.36 Сұрақ** Кесіктің микроізін суретке түсіргенде рельеф жарықтандырылады:
- 1) іздің үстінен қиғаш бұрыштап трассаны бойлай;
  - 2) іздің үстінен қиғаш бұрыштап трассаның сызығына перпендикулярлы;
  - 3) іздің үстіне тік бұрыштап.
- 4.37 Сұрақ** Микрофотография жүргізіледі:
- 1) шағылысқан сәуледе;
  - 2) өтпелі сәуледе;
  - 3) шағылысқан сәуледе де, өтпелі сәуледе де.
- 4.38 Сұрақ** Контрастық түсірулер әдісімен өзгерілген айырмашылықтары бар фотосурет алуға болады:
- 1) жарығына байланысты объектілер немесе олардың детальдары;
  - 2) жарығына байланысты объектілер немесе олардың детальдары, сонымен бірге рельефті беттерде, көлеңкелі контрасты рельефтің детальдарының көлеңкелерінен болуы;
  - 3) рельефті беттерде, көлеңкелі контрасты рельефтің детальдарының көлеңкелерінен болуы.
- 4.39 Сұрақ** Суретке түсіргенде жарықтың контрастысын ұлғайтуға, келесі көрсетілген тәсілдердің қайсысы қолданылады ?
- 1) фотоматериалдарды таңдау;

- 2) объективті таңдау;
- 3) ұзартатын муфтаны қолдану.

**4.40 Сұрақ** Келесі көрсетілген сурет қағаздарының қайсысы жарықтық контрасты көбірек күшейтеді ?

- 1) № 7;
- 2) № 1;
- 3) № 3

**4.41 Сұрақ** Суретке түсіруде жарықтық контрасты күшейтудің бір тәсілі, фотосуреттерді:

- 1) қызыл сәуле фильтрін пайдаланып шығару;
- 2) ұзын фокусты объективі бар фотоүлкейткішті қолданып шығару;
- 3) объектінің бірнеше қосылған негативті бейнелерінен сурет шығару.

**4.42 Сұрақ** Түс айырмашылығы:

- 1) түс объектілерін классификациялау әдісі;
- 2) зерттеу фотографиясының бір әдісі;
- 3) түрлі-түсті материалдарды өңдеу тәсілі.

**4.43 Сұрақ** Түсті айыру мақсаты, зерттеу фотографиясының әдісі ретінде:

- 1) жеке объектінің түсінің айырмашылығын немесе детальдарының жарықтық айырмашылығын өзгерту (преобразовать);
- 2) жеке объектілердің немесе детальдарының түстерінің айырмашылығын жарықтық айырмашылығына өзгерту (преобразовать) және жарықтық айырмашылығын үлкейту немесе азайту;
- 3) объектінің немесе оның детальдарының түстік айырмашылығын үлкейту.

**4.44 Сұрақ** Керек кезінде түсті айыру әдісі қолданылуы мүмкін:

- 1) шала көрінетін мәтінді күшейту, құжаттағы жалған жазуды айқындау, қандай да бір бояумен жабылған жазуды оқу;
- 2) қандай да бір бояумен жабылған жазуды оқу;
- 3) шала көрінетін мәтінді күшейту, құжаттағы жалған жазуды айқындау.

**4.45 Сұрақ** Сарыға қосымша түстер:

- 1) сары қызғылт, жасыл;
- 2) көк, күлгін;
- 3) жасыл.

- 4.46 Сұрақ** Жақыннан атылған оқтың ізін табу:
- 1) түсті айыру әдісі қолданылуы мүмкін емес;
  - 2) түсті айыру әдісі қолданылуы мүмкін;
  - 3) сот фотографиясында қолданылған әдіс қолданылуы мүмкін емес.
- 4.47 Сұрақ** Шағылысқан ультракүлгін сәулелерінде суретке түсіруге:
- 1) тығыз қызыл фильтр қолданылады;
  - 2) УФС-2 немесе УФС-3 қолданылады;
  - 3) сары фильтр қолданылады.
- 4.48 Сұрақ** Ультракүлгін сәулелерінде фотоға түсіріледі:
- 1) арнайы фотоматериалдарда;
  - 2) арнайы фотоматериалдарда, арнайы фото айқындауышпен шығару арқылы;
  - 3) әдеттегі фотоматериалдарда.
- 4.49 Сұрақ** Ультракүлгін сәулелерімен әсерленіп көрінентін люминесценцияны фотоға түсіреді:
- 1) кварцтық оптиканың көмегімен;
  - 2) жәй фотоаппарат және объективтің көмегімен;
  - 3) арнайы аппараттардың көмегімен.
- 4.50 Сұрақ** Ультракүлгін шағылысқан сәулелерінде фотоға түсіру кезінде, жарық ретінде қолданады:
- 1) аналитикалық люминесценттік лампаны;
  - 2) қуатты лампаны;
  - 3) қайта қыздыратын (перекальные ) лампалар.
- 4.51 Сұрақ** Ультракүлгін шағылысқан сәулелерінде фотоға түсіріледі:
- 1) арнайы фотоаппараттардың көмегімен;
  - 2) кварцтық оптиканың көмегімен;
  - 3) кәдімгі фотокамераның және объективтің көмегімен.
- 4.52 Сұрақ** Инфрақызыл шағылысқан сәулелерінде фотоға түсіріледі:
- 1) ИКС-1, ИКС-2, ИКС-3 фильтрларын қолданумен;
  - 2) УФС-2, УФС-3 фильтрларын қолданумен;
  - 3) фильтрлерді қолданусыз.
- 4.53 Сұрақ** Инфрақызыл сәулелерінде фотоға түсіріледі:
- 1) арнайы фотоматериалдарда;
  - 2) кәдімгі фотоматериалдарда арнайы шығару арқылы;
  - 3) кәдімгі фотоматериалдарда.

- 4.54 Сұрақ** Криминалистикалық зерттеу кезінде рентген сәулесінде суретке түсіру қолданылады: а) атыс қарулары, оқ- дәрі, құлып, пломбы бөліктерінің ішкі құрылысымен жағдайын зертеу үшін, б) кірген оқ тесігінің дифференциациясын анықтау үшін, в) бояу құйылған мәтіндерді оқу ):
- 1) а, б, в;
  - 2) а;
  - 3) а, б.
- 4.55 Сұрақ** Криминалистикалық зерттеу кезінде суретке түсіріледі:
- 1) шағылысқан рентген сәулелерінде;
  - 2) өтпелі рентген сәулелерінде;
  - 3) шағылысқан рентген және өтпелі рентген сәулелерінде.
- 4.56 Сұрақ** Криминалистикалық зерттеу кезінде гамма сәулесінде суретке түсіріледі:
- 1) металды заттардың ішкі құрылысын зертеу үшін, және люминесценцияны қоздыру үшін;
  - 2) люминесценцияны қоздыру үшін;
  - 3) металды заттардың ішкі құрылысын зертеу үшін.
- 4.57 Сұрақ** Гамма сәулесі (Гаммаграфия) мүмкіншілік тудырады:
- 1) көлемді бейнені алуға;
  - 2) көлеңкелі бейнені алуға;
  - 3) көлемді бейнені немесе көлеңкелі бейнені алуға.
- 4.58 Сұрақ** Оқиға болған жердің, қылмыстың ең көп материалды белгілері шоғырланған жерді суретке түсіру аталады:
- 1) түйінді түсіру;
  - 2) детальды түсіру;
  - 3) шолып түсіру.
- 4.59 Сұрақ** Айналада түсіру кезінде, өте жақсы сурет шығарылады, егерде күннің көзі фотоаппаратқа байланысты:
- 1) артта болса;
  - 2) қырынан болса;
  - 3) алдынан болса.
- 4.60 Сұрақ** Қыстың күні суретке түсіру ұсынылады:
- 1) сары және қызғылт-сары жарық сүзгілерімен;
  - 2) жарық сүзгілерісіз;
  - 3) қара- қызғылт жарық сүзгілері қолданылады.
- 4.61 Сұрақ** Тар бөлмедегі жағдайды суретке түсіреді:
- 1) кең бұрышты объективтің көмегімен;

- 2) ұзын фокусты объективтің көмегімен;
- 3) көру бұрышы нормаға сай объективтің көмегімен.

**4.62 Сұрақ** Мәйітті суретке түсіргенде:

- 1) бағдарлап түсіру қолданылмайды;
- 2) бағдарлап түсіру қолданылады;
- 3) бағдарлап түсіру қолданылады, егерде мәйіт ашық жерде орналасса.

**4.63 Сұрақ** Мәйітті шолып түсіру кезінде, мүмкіншілігінше:

- 1) тігінен түсіріледі;
- 2) тігінен түсіріледі және екі қарама-қарсы жағынан фотоаппараттың объективінің негізгі оптикалық осі мәйіттің ұзын бойлық осіне және сүйір бұрышпен орналасқан жерінің үстінен түсіріледі;
- 3) тігінен түсіріледі және екі қарама-қарсы жағынан, фотоаппараттың объективінің негізгі оптикалық осі мәйіттің ұзын бойлық осіне перпендикулярлы болатындай етіп орналастыру қажет.

**4.64 Сұрақ** Мәйітті суретке түсіргенде:

- 1) мәйіт жабық бөлмеде болса, тек қана детальдық суретке түсіру қолданылады;
- 2) детальдық суретке түсіру қолданылмайды;
- 3) детальдық суретке түсіру қолданылады.

**4.65 Сұрақ** Қарауды бекіту ретінде фотоға түсіру:

- 1) ҚР ҚПК көрсетілмеген, тек қана криминалистика ғылымының ұсынысы болады;
- 2) ҚР ҚПК 182 бабында көрсетілген
- 3) ҚР ҚПК 123 бабында көрсетілген.

**4.66 Сұрақ** ҚР ҚПК қандай бабымен фотосуретке түсірудің жалпы процесуалдық тәртібі реттеледі?

- 1) 138;
- 2) 127;
- 3) 118.

**4.67 Сұрақ** Тергеу экспериментін бекіту құралы ретінде фотоға түсіру:

- 1) ҚР ҚПК 182 бабында көрсетілген;
- 2) ҚР ҚПК көрсетілмеген, тек қана криминалистика ғылымының ұсынысы болады;
- 3) ҚР ҚПК 123 бабында көрсетілген.

- 4.68 Сұрақ** Фотографияны қолданғанда протоколда қандай мәліметтерді жазған жөн?
- 1) түсірілетін объектінің аты, фотоаппараттың моделі, объективтің маркасы, жарық, фотоэмульсияның спектралдық сезімталдығы, жарық фильтрі, фотоға түсіру тәсілі;
  - 2) фотоаппараттың моделі, объективтің маркасы, жарық, фотоэмульсияның спектралдық сезімталдығы, жарық фильтрі;
  - 3) түсірілетін объектінің аты, фотоға түсіру тәсілі.
- 4.69 Сұрақ** Егерде фотоға түсіру кезіндегі келтірілген қателерге байланысты, суретті шығаруға болмайтын болса:
- 1) тергеуші анықтама жазып, іске тіркейді;
  - 2) суретке түсіру қайталанады, сосын шығарылған сурет істегі протоколға тіркеледі;
  - 3) тергеуші анықтама жазумен шектеліп, оны іске тіркейді немесе суретке түсіруді қайталап, шығарылған суретті істегі протоколға тіркейді.
- 4.70 Сұрақ** Суреттің түсініктеме мәтінінде көрсетуге ұсынылады:
- 1) суреттің объектісі, тергеу әрекетінің атауын және күнін;
  - 2) қолданған фотоаппарат жөнінде ақпарат ;
  - 3) суреттің объектісі, тергеу әрекетінің атын және күнін, сурет тіркелетін тергеу әрекетінің протоколы, қолданған фотоаппарат, фотоматериалдар және түсіру жағдайы жөнінде ақпарат.
- 4.71 Сұрақ** Егер фотосуреттер маманмен жасалса, онда олар куәләндырылады:
- 1) тергеушінің, маманның және мүмкін болғанша куәгерлердің қолымен;
  - 2) тергеушінің қолымен;
  - 3) маман және куәләрдің қолымен.
- 4.72 Сұрақ** Келесі көрсетілген қандай жағдайларда бейнетаспаға түсірілуі мүмкін: а) бекітілетін объектілерді қозғалыста көрсету, б) орындалатын әрекеттердің жүйелілігін түсіру, в) статистикалық объектілерді түсіріп алу)?
- 1) а;
  - 2) а, б, в;
  - 3) а, б.
- 4.73 Сұрақ** Кім бейнетаспаға түсіреді?
- 1) тергеуші;
  - 2) тергеушінің өзіне түсіруге болады, бірақ та маманды шақырған жөн болады;
  - 3) маман.

- 4.74 Сұрақ** Тергеушінің бейнетаспаға түсіруге дайындығы неден басталады?  
 1) мақсат анықталады, бекітілетін объектілер белгіленеді, кадрлық жоспар жазылады;  
 2) мақсат анықталады, бекітілетін объектілер белгіленеді;  
 3) бейнеаппаратура дайындалады.
- 4.75. Сұрақ** Бейнетаспаға түсіру қолданылады:  
 1) қандай да болсын тергеу әрекеттерін жүргізгенде;  
 2) оқиға болған жерді қарау кезінде және тергеу экспериментін жүргізгенде;  
 3) оқиға болған жерді тексергенде.
- 4.76 Сұрақ** Бейнетаспаға түсірілгені жөніндегі мәліметті:  
 1) тергеуші тергеу әрекетін жүргізу жөніндегі протоколға енгізуге міндетті;  
 2) протоколға енгізіледі;  
 3) тергеуші арнайы протоколға бейнетаспаға түсіргені жөнінде енгізеді.

## ЖАУАПТАР

|        |        |        |        |        |
|--------|--------|--------|--------|--------|
| 4.1-2  | 4.19-1 | 4.37-3 | 4.55-2 | 4.73-2 |
| 4.2-3  | 4.20-2 | 4.38-2 | 4.56-3 | 4.74-1 |
| 4.3-1  | 4.21-3 | 4.39-1 | 4.57-2 | 4.75-1 |
| 4.4-2  | 4.22-3 | 4.40-1 | 4.58-1 | 4.76-1 |
| 4.5-3  | 4.23-1 | 4.41-3 | 4.59-2 |        |
| 4.6-2  | 4.24-2 | 4.42-2 | 4.60-1 |        |
| 4.7-1  | 4.25-1 | 4.43-2 | 4.61-1 |        |
| 4.8-1  | 4.26-1 | 4.44-1 | 4.62-2 |        |
| 4.9-2  | 4.27-1 | 4.45-2 | 4.63-3 |        |
| 4.10-3 | 4.28-1 | 4.46-2 | 4.64-3 |        |
| 4.11-2 | 4.29-2 | 4.47-2 | 4.65-2 |        |
| 4.12-1 | 4.30-1 | 4.48-3 | 4.66-1 |        |
| 4.13-3 | 4.31-2 | 4.49-2 | 4.67-3 |        |
| 4.14-2 | 4.32-2 | 4.50-1 | 4.68-1 |        |
| 4.15-2 | 4.33-3 | 4.51-3 | 4.69-1 |        |
| 4.16-2 | 4.34-1 | 4.52-1 | 4.70-1 |        |
| 4.17-2 | 4.35-3 | 4.53-1 | 4.71-1 |        |
| 4.18-3 | 4.36-2 | 4.54-1 | 4.72-2 |        |

## **5 ТАРАУ. ІЗДЕР ТУРАЛЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ІЛІМ (ТРАСОЛОГИЯ)**

- 5.1 Сұрақ** Трасология қандай іздерді зерттейді?  
1) оқиға болған жердегі жағдайда пайда болған іздер-өзгерістер;  
2) қылмыс жасау кезінде пайда болатын іздер-қандай да болсын өзгерістер;  
3) материалды-бекітілген объектінің сыртқы құрылымының басқаға көрініс бейнесін қалдыру-іздері.
- 5.2 Сұрақ** Трасологияның техникалық құралдарын және әдістерін дамытып жетілдіретін негізгі ғылыми ережелерін атап өтіңіз:(а) материалдық дүниедегі объектілерінің даралылығы, б) бір объектінің сыртқы құрылымы бір жағдайларда, басқаға көрініс бейнесін қалдыруы мүмкіншілігі, в) ізде заттың сыртқы көрінісінің бейнесін қалдыруы, г) трасологиялық зертеудің объектілері болуы мүмкін салыстырмалы, қасиеттері өзгермейтін, тек қана қатты денелер):  
1) а, б, в, г;  
2) а, г;  
3) а, б, г.
- 5.3 Сұрақ** Трасологияда ең маңызды мән болып табылады:  
1) объектінің химиялық құрамы;  
2) объектінің бетінің құрылымы;  
3) объектінің геометриялық формасы.
- 5.4 Сұрақ** Объектінің сыртқы құрылымының толық және нақты көрінісін ізде қалдыруы, байланысты:  
1) объектілердің өзара қарымқатынасқа түсу механизмында;  
2) із қалатын материалдың физикалық қасиеттеріне, және із қалдыратын объектінің қасиеттеріне, тағы да объектілердің қарым-қатынасқа түсу механизмінде байланысты;  
3) із қалатын материалдың физикалық қасиеттеріне, және із қалдыратын объектінің қасиеттеріне.
- 5.5 Сұрақ** Трасологиялық объектілер зерттеледі:  
1) сарапшымен;  
2) тергеушімен, сотпен, маманмен, сарапшымен  
3) маманмен және сарапшымен.
- 5.6 Сұрақ** Оқиға болған жерден, тістің іздерімен бір түйіршік ірімшік табылған. Қандай объект із қалдырушы болады:  
1) тіс;  
2) ірімшік түйіршігі;



3) ірімшік түйіршігі және тіс.

- 5.7 Сұрақ** Пәтерлік ұрлықты зерттеу барысында, есіктің жұқа тақтайында майысқан жер табылған. Сараптама, майысқан жердің, айыпкер Зукиннан алынған ломмен қалдырылғанын анықтады. Қандай объект із қабылдағыш объект болады:
- 1) есіктің жұқа тақтайы;
  - 2) лом;
  - 3) лом және есіктің жұқа тақтайы.
- 5.8 Сұрақ** Түйісу қабаттары деп аталады:
- 1) беткі қабаттың участкілері, із пайда болғанда бір-бірімен түйіспегенде;
  - 2) беткі қабаттың участкілері, із пайда болғанда бір-бірімен түйіскенде;
  - 3) беткі қабаттың участкілері, із пайда болғанда бір-бірімен түйіскен участкілерге қарама-қарсы орналасқан.
- 5.9 Сұрақ** Егер, екі объект түйіскенде бір – біріне бірқалыпты жылжыса, болады:
- 1) статистикалық іздер;
  - 2) динамикалық іздер;
  - 3) сырғу іздері.
- 5.10 Сұрақ** Динамикалық із пайда болады, егер із қалдырушы объектінің жүру бағыты мен із қабылдаушы объектінің бетінде пайда болса:
- 1) істік бұрыш;
  - 2) тік бұрыш;
  - 3) істік немесе тік бұрыш.
- 5.11 Сұрақ** Шабылған іздер болып саналады:
- 1) динамикалық іздер;
  - 2) статистикалық іздер;
  - 3) тербелген іздер.
- 5.12 Сұрақ** Із қалдырушы объектінің сыртқы құрылымының белгілері ізде толық және анық бейнеленеді, егер:
- 1) із қалдырушы объектінің заты неғұрлым иілімгіш және элементерінің құрылымының көлемі, із қабылдаушы объектілердің затымен сәйкес келсе;
  - 2) із қалдырушы объектіге қарағанда, із қабылдаушы объектінің заты неғұрлым иілімгіш және элементерінің құрамдық құрылысы ұсағырақ болса;
